

Денисов ауданы бойынша 2015 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 140 қаулысы . Қостанай облысының Эділет департаментінде 2015 жылғы 20 тамызда № 5814 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бүйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғаған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қафидаларының 10-тармағына сәйкес, "Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басым ауыл шаруашылығы дақылдарының ұсынылатын оңтайлы себу мерзімдері туралы 2015 жылғы 26 мамырдағы № 1-137 хаты негізінде **Денисов ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тізімге қосу үшін өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдері - 2015 жылғы 4 бастап 11 маусымға дейін айқындалсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Денисов ауданы бойынша 2015 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері айқындалсын.

3. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Б. Рамазановқа жүктелсін .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 25 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Денисов

ауданының әкімі

E. Жаманов

**Денисов ауданы бойынша 2015 жылға
арналған субсидияланатын басым ауыл
шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі
бойынша оңтайлы себу мерзімдері**

№	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Себу мерзімдері
1	Жаздық бидай	15 мамырдан бастап 12 маусымға дейін
2	Жаздық қатты бидай	18 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
3	Күздік бидай	25 тамыздан бастап 10 қыркүйекке дейін
4	Күздік қара бидай	25 тамыздан бастап 10 қыркүйекке дейін
5	Сұлы	15 мамырдан бастап 15 маусымға дейін
6	Арпа	15 мамырдан бастап 15 маусымға дейін
7	Тары	20 мамырдан бастап 15 маусымға дейін
8	Қаракұмық	20 мамырдан бастап 15 маусымға дейін
9	Бұршақтұқымдастар	15 мамырдан бастап 10 маусымға дейін
10	Күнбағыс	10 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
11	Рапс	20 мамырдан бастап 8 маусымға дейін
12	Зығыр	12 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
13	Мақсары	10 мамырдан бастап 2 маусымға дейін
14	Қыша	22 мамырдан бастап 8 маусымға дейін
15	Арыш	Жаздық - 18 мамырдан бастап 8 маусымға дейін, күздік – 25 тамыздан бастап 10 қыркүйекке дейін
16	Қытай бұршақ	18 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
17	Бакша дақылдары	25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін
18	Жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдастар және үшінші жылдарындағы бұршақ тұқымдастар	бірінші мерзім – 1 мамырдан бастап 10 маусымға дейін, екінші мерзім – 5 шілдеден бастап 31 тамызга дейін
19	Сүрлемдік жүгери және күнбағыс	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
20	Сүрлемдік жүгери	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
21	Көкөністер	25 сәуірден бастап 15 маусымға дейін
22	Картоп	5 мамырдан бастап 10 маусымға дейін
23	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп етіп жаңарту және (немесе түпкілікті жаңарту) үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер	бірінші мерзім – 1 мамырдан бастап 10 маусымға дейін, екінші мерзім – 5 шілдеден бастап 31 тамызга дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК